



Әл-Фараби
атындағы
Қазақ ұлттық
университеті

QAZAQ

UNIVERSITETI

Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ №19 (1887) 22 МАМЫР 2023 ЖЫЛ

WWW.KAZNU.KZ

Қытай техникалық университеті ҚазҰУ-да филиалын ашады


Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қытай Халық Республикасына мемлекеттік сапары аясында Солтүстік-батыс политехникалық университетінің филиалын ҚазҰУ-да ашу жөнінде келісілді.

Екі ел Президенттерінің қатысуымен өткен кездесуде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев пен ҚХР-дың Қазақстандағы төтенше және өкілетті елшісі Чжан Сяо ынтымақтастық орнату және филиал ашу туралы келісімге қол қойды.

Солтүстік-батыс политехни-

калық университеті Сиань қаласында орналасқан. 36 мыңнан астам студент білім алатын жоғары оқу орнында авионавтика, астронавтика және теңіз техникасы және т.б. техникалық бағыттар бойынша білім беру және зерттеу бағдарламалары бар.

Қытайдың техникалық бағытта білім беретін көшбасшы жоғары оқу орындарының бірі



Солтүстік-батыс политехникалық университеті Academic Ranking of World Universities 2023 халықаралық рейтингінде Top-200, THE 2023 рейтингінде Top-600 қатарында және U.S.NEWS 2023 халықаралық рейтингінде 333-орынға ие. Атақты оқу ордасынан физикадан Ли Чжэндао мен химия саласында Харольд Крото Уолтер атты Нобель сыйлығының иегерлері шыққан.

ҚазҰУ-да ашылатын филиалда

Қазақстан мен Орталық Азиядан келген студенттер білім алады. Филиалда инженерлік, электрондық ғылым мен технология, IT және т.б. салалар бойынша бакалавриат пен магистратурада білім беру бағдарламалары жүзеге асады. Кейін оқуын аяқтағаннан соң түлектерге екі университеттің дипломы беріледі.

Нұрсұлтан
БАЗАРБАЙҰЛЫ



Мақсат - ғылыми бағытта
ортақ жетістіктерге жету

2-бет



ҚазҰУ - дипломатия
мамандарын даярлаудың
ұстаханасы

3-бет



Аскар АКАЕВ:

Надо усиливать вклад
в человеческий капитал

4-бет

Шыңжаң институтымен бірлескен зертхана құрылады



Қазақстан Президенті Қ.Тоқаев ҚХР-ға мемлекеттік сапары барысында Сиань қаласындағы Қазақстанның Бас консулдығын ашты. Ресми шарадан кейін Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Қытайдың жетекші жоғары оқу орындарымен және институтымен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

ҚазҰУ басшысы Жансейіт Түймебаев Қытай мұнай университетінің канцлері

Чэнь Фэнмен, ҚХР Ғылым академиясы жанындағы Шыңжаң экология және

география институтының бас директоры Юанминг Чжанмен және Шэньчжэнь университетінің вице-президенті Сюэцзи Чжанмен кездесіп, академиялық ынтымақтастық пен тәжірибе алмасудың негізгі бағыттарын айқындайтын келісімдер орнатты.

Жалғасы 2-бетте

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев ҚР Президентінің Қытай Халық Республикасына ресми сапары аясында CCTV (China Central Television) мемлекеттік телеарнасына арнайы сұхбат берді.

Ректор CCTV арнасына сұхбат берді

Ректор университет жетістіктерін таныстырып, ҚазҰУ-да Солтүстік-батыс политехникалық университеті (ҚХР) филиалының ашылатыны жөнінде мәлімдеді.

Сұхбатта университет басшысы QS WUR жаһандық рейтингінде 150-орынды иеленген еліміздің жетекші жоғары оқу орнының қызметіне тоқталды. ҚазҰУ-ға Үкімет қаулысымен зерттеу университеті мәртебесі берілгенін атап өтіп, оқу орнының әлемдік білім беру кеңістігіндегі табыстары туралы айтты.

«Жақын арада ҚазҰУ базасында Солтүстік-батыс политехникалық универси-



тетінің филиалы ашылады. Біз Қытайдың жетекші жоғары оқу орнымен ынтымақтаса отырып, ауқымды әрі мүмкіндігі зор жобаға атсалысудамыз. Филиалда Қазақстан мен Орталық Азиядан келген студенттер

инженерлік, электрондық ғылымдар және технологиялар, IT саласы бойынша бакалавриат және магистратураның білім беру бағдарламаларында білім ала-

ды. Филиалды бітірген соң түлектер екі беделді университеттің дипломын алады», – деді Жансейіт Түймебаев Қытай телеарнасына берген сұхбатында.

Жалғасы 2-бетте

Шыңжаң институтымен бірлескен зертхана құрылады



Соңы. Басы 1-бетте

Келісім аясында тараптар ғылыми жарияланымдармен, ақпараттармен, оқытушылар құрамы және ғалымдармен, студенттермен алмасуды, ортақ конференциялар өткізуді, сондай-ақ бірлескен зерттеулерді іске асыратын болады.

ҚХР Ғылым академиясы жанындағы Шыңжаң экология және география институты соңғы 60 жылда халықаралық, ұлттық және провинциялық деңгейлерде 300-ге жуық марапатқа ие болған. Соңғы 20 жылда институтта 176 монография, 4775 ғылыми жұмыс, 165 патент, бағдарламаларға 90 авторлық құқық алынды. Институт өзге ұйымдармен бірге алты халықаралық құрғақ жерлерді зерттеу орталығын және Орталық Азияның экологиялық мониторинг желісін құрды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Жерді қашықтықтан зондтау орталығы жұмыс істейді. Осы бағыттағы жұмысты одан әрі жандандыру мақсатында серіктестік аясында ҚазҰУ мен Шыңжаң экология және география институты бірлесіп арнайы зертхана ашады. Бұл зертханада геоақпараттық жүйелер және ғарыштық суреттер негізінде алынған мәліметтерді қолдану арқылы түрлі талдау жұмыстары жүргізіледі. Аталған жұмыстар арқылы ауыл шаруашы-

лығы, төтенше жағдайлар, климаттың өзгеруі, экология секілді салалардағы қауіптің алдын алуға көмектеседі.

ҚазҰУ Шэньчжэнь университетімен бірге келісім шеңберінде медицина және биотехнология саласы бойынша жұмыстар атқаратын болады. 1983 жылы негізі қаланған жоғары оқу орнында бүгінде 35 мыңнан астам студент білім алады. Шэньчжэнь университеті Academic Ranking of World Universities 2022 халықаралық рейтингінде 201-орынға, QS World University Rankings 2023 рейтингінде Top-600 қатарында және QS Asian University Rankings 2023 халықаралық рейтингінде 124-орынға ие.

1953 жылы ашылған Қытай мұнай университетінде қазіргі таңда 16 мыңға жуық студент білім алуда. Оқу ордасы әлемге әйгілі университеттермен және кәсіпорындармен бірге 13 халықаралық институт ашты. Жоғары оқу орны 60-тан астам университет және институттармен серіктестік орнатқан. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Қытай мұнай университетімен бірлесіп меморандум шеңберінде студент алмасу, білікті мамандар даярлау, ғылыми бағытта зерттеу жұмыстарын жүргізіп, қосдипломдық білім беру бағдарламасын жүзеге асыратын болады.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

Ректор SSTV арнасына сұхбат берді

Соңы. Басы 1-бетте

SSTV телеарнасының сұрақтарына жауап бере отырып, ректор ҚазҰУ-да оқытушылардың ғылыммен айналысуына және студенттердің сапалы білім алуына жағдай жасалғанын атап өтті. Бүгінгі таңда университет елдегі ғылыми жобалар мен жарияланымдар саны бойынша жетекші орынға ие. ЖОО-да ғылыми-зерттеу институттары мен ғылыми орталықтар, технологиялық парк, инжиниринг және ғылымды қажетсінетін технологиялар кластері, коммерцияландыру кеңсесі жұмыс істейді.

«Университет қызметі бүгінде

әлемдік ғылыми кеңістікке интеграциялануға бағытталған. ҚазҰУ ғалымдары әлемдік жетекші ғылыми және зертханалық кешендер базасында халықаралық жобаларға тартылуда. Халықаралық ынтымақтастықты дамыту мақсатында ғалымдардың ғылыми тағылымдамалар санын ұлғайту жоспарланған. Осы және басқа да ауқымды шараларды іске асыру ғылыми қызметті интернационалдандыруға және ҚазҰУ-дың халықаралық зерттеу кеңістігіне одан әрі интеграциялануына ықпал ететін болады», – деді ректор.

Света АБИЛҒАЗЫҚЫЗЫ

Мақсат – ғылыми бағытта ортақ жетістіктерге жету

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Қытайға жұмыс сапары барысында Солтүстік-батыс политехникалық университетінің ректоры Сун Баовэй-мен кездесіп, екіжақты ынтымақтастық бағытындағы мәселелерді талқылады.

Қытайлық әріптестер екі жоғары оқу орнының ынтымақтастығын нығайту үшін жан-жақты жәрдемдесуге, перспективті жобалар мен бастамаларды қолдауға дайын екенін білдірді.

Жүздесу барысында ректорлар ынтымақтастықты арттыру және ҚазҰУ базасында Солтүстік-батыс политехникалық университетінің филиалын ашу туралы келісімге қол қойды. Келісімнің



мақсаты – студенттер және оқытушылар алмасу, ғылыми бағытта бірлесіп зерттеу жұмыстарын жүргізу, ортақ зертханалар ашу және білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру, техникалық бағытта білікті мамандар даярлау.

Өз кезегінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев Қытайдың жоғары оқу орындарымен ғылым және білім саласында өзара ынтымақтастық

бойынша бай тәжірибе жинақталған Қазақстанның жетекші университетінің тарихымен және қызметімен таныстырды. ҚазҰУ ректоры университет ғалымдары әзірлеген 100 инновациялық жоба бар екенін жеткізді. Қазіргі таңда аталған ғылыми жобаларды коммерцияландыру бойынша жұмыстар атқарылып жатқанын айтып өтті.

«Келісім аясында біз ғылыми бағытта бірлесіп зерттеу жұмыстарын жүргізіп, ортақ жетістіктерге жетеміз деп ойлаймын. Бұл бастама тәжірибе алмасуға және кадрларды даярлауға үлкен мүмкіндік беретін болады», – деді Жансейіт Түймебаев.

Оқу ордасына сапары барысында Жансейіт Түймебаев Солтүстік-батыс политехникалық университетінің тыныс-тіршілігімен танысып, оқу корпусарын және ғылыми орталықтар мен зертханаларды аралап көрді.

Сиань Цзяотун университеті президентімен кездесу

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Қытайға жұмыс сапары барысында Сиань Цзяотун университетінің президенті Ван Шугомен кездесті.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Сиань Цзяотун университеті 2016 жылы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойған болатын. Оқу орны көпсалалы және зерттеу университеті. Сиань Цзяотун университетінде тоғыз бағыт бойынша зерттеу және білім беру бағдарламалары жүзеге асып келеді. Атап айтқанда: жаратылыстану ғылымдары, инженерия, медицина, экономика, менеджмент, гуманитарлық ғылымдар, құқықтану, философия, педагогика және өнер. Университет Shanghai Ranking – 2022 рейтингінде 10-орында. Бүгінде оқу ордасында 51 мыңнан астам студент білім алуда. Сонымен қатар университетте 29 институт, бакалавриат үшін түрлі бағыттағы 9 мектеп және 3 қосалқы оқу ауруханасы бар. Сиань Цзяотун университеті 300-ден астам университетпен, ғылыми-зерттеу



институттарымен ынтымақтастық орнатқан. Білім ордасы «Ұлы Жібек жолы» ЖОО арасындағы альянсының бастамасын көтеріп, 37 ел мен аймақтың 160-тан астам университеті үшін білім беру ынтымақтастығы мен қарым-қатынастың халықаралық платформасын құрды. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ аталған альянстың мүшесі.

Өз кезегінде Жансейіт Түймебаев университет президентіне алғысын жеткізіп, ҚазҰУ-дың жетістіктері туралы айтып, алдағы жоспарлармен бөлісті.

«Алдағы уақытта ҚазҰУ-ға оқуға түсетін шетелдік студенттер санын арттыру жоспарда бар. Біздің университетіміз ғылыми

және білім беру қызметін табысты жалғастырып келеді. Университет ғалымдары отандық ғылымды дамытуға өз үлестерін қосуда. Оқу ордасында 100-ден астам инновациялық жоба іске асырылды. Бүгінде оларды ілгерілету және коммерцияландыру бағытында жұмыс жүргізілуде», – деді ректор.

Кездесу нәтижесінде тараптар аталған бастамаларды жүйелі түрде жүзеге асыруға уағдаласты.

Жүздесуден соң ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев Сиань Цзяотун университетінің музейін аралап, инфрақұрылымымен танысты.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

Қырғызстанның тұңғыш президентімен кездесу-дәріс өтті

Қырғыз Республикасының тұңғыш президенті, Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың құрметті профессоры, Ресей ғылыми академиясының академигі, М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті жанындағы Күрделі жүйелерді математикалық зерттеу институтының бас ғылыми қызметкері, физика-математика ғылымдарының докторы Асқар Ақаев «БРИКС елдерінің даму қарқынын жаңа әлемдік тәртіп негізі ретінде болжау модельдері» тақырыбында дәріс оқыды.



жылы профессор Асқар Ақайұлына «күрделі жүйелер динамикасын математикалық модельдеу саласындағы бірінші дәрежелі ғылыми жетістіктері» үшін І-дәрежелі беделді М.Ломоносов сыйлығы берілді», – деп атап өтті университет басшысы.

ҚазҰУ басшылығына айрықша алғыс білдірген Асқар Ақаев: «Бүгінде Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің өркендеп келе жатқанын көріп отырмыз. Біз бүгін университеттің нанопутниктер жасалатын зертханаларының біріне бардық. Цифрлық дәуір STEAM-білім беру саласында жоғары білікті мамандарды талап етеді. Осы бағыттағы технопарткің негізі ҚазҰУ-да қаланғаны қуантады», – деп атап өтті.

ҚазҰУ-ға сапары аясында Асқар Ақаев Процестік инновациялар орталығының жұмысымен де танысты. Орталықта Инжиниринг және жоғары технологиялар кластері мен Жерді қашықтықтан зондтау орталығы табысты жұмыс

істеп, инновациялық жобаларды жүзеге асырады.

Асқар Ақайұлына университет қабырғасында дайындалған «Al-Farabi-1» және «Al-Farabi-2» нанопутниктері туралы ақпарат берілді. Сонымен қатар құрметті қонаққа білім беру мекемелерінде ғарыштық робототехника мен STEM білім беру жүйесін дамытуға арналған «ALFASAT» инновациялық конструкторы көрсетілді.

Мәртебелі мейман Жерді қашықтықтан зондтау орталығының жұмысымен танысты. ҚазҰУ-дың Жерді қашықтықтан зондтау орталығында геоақпараттық жүйелер және ғарыштық суреттер негізінде әртүрлі салаларға арналған геоөнімдер дайындалады. Алынған мәліметтерді қолдану арқылы түрлі талдау жұмыстары жүргізіледі.

Орталықтың жұмысымен толық танысқан Асқар Ақайұлы ғалымдардың жұмысына сәттілік тіледі.

Света ӨМІРФАЛИЕВА

Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Қазіргі халықаралық қатынастар және дипломатия: Қазақстан Республикасының рөлі мен орны» атты халықаралық қатынастар саласы мамандарының I форумы өтті.

ҚазҰУ - дипломатия мамандарын даярлаудың ұстаханасы



Форум аясында халықаралық қатынастар факультетінде ҚР Сыртқы саясаты және дипломатия залы мен Сараптама орталығының салтанатты ашылу рәсімі өтті. Сонымен қатар Қазақстанның сыртқы саясаты және дипломатияға қатысты кітаптар мен фото-көрме ұйымдастырылды.

Шараның мақсаты – әлемдегі геосаяси өзгерістер дәуірінде Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясатын талқылау, ұлт-

түскен дағдарыс жағдайында өмір сүріп жатырмыз. Біздің алдымызда тұрған ерекше маңызды міндет – туындаған зор қауіп-қатерлер жағдайында халықаралық қатынастардағы тұрақтылыққа қол жеткізу», – деп атап өткен болатын. Бүгінгі басқосуда біз осы мәселелерді кеңірек сараптап, талдайтын боламыз. ҚазҰУ дипломатия мамандарын даярлаудың алғашқы «ұстаханасы» екенін ерекше айтқым келеді.



тық дипломатияның басым бағыттарын айқындау және халықаралық қатынастар саласындағы негізгі тенденцияларды талдау.

Жыйынға Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев, ҚР төтенше және өкілетті елшісі, АӨСШК әскери-саяси өлшемдегі сарапшы Дулат Қуанышев, Еуропалық одақтың Қазақстан Республикасындағы елшісі Кестутис Янкаускас, ҚР Сыртқы істер министрлігінің Алматы қаласындағы басшысының орынбасары Исламбек Райымов, БҰҰ Жаһандық коммуникациялар департаментінің Алматы қаласындағы өкілі Властимил Самек, ҚР Ұлттық инженерлік академиясының академигі Оразалы Сәбден, дипломаттар, шетелдердегі өкілдер, сарапшылар, университеттің оқытушы-профессорлар құрамы мен студенттері қатысты.

Форум жұмысын ректор Жансейіт Түймебаев ашып, бүгінгі шараның маңыздылығына тоқталды. «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес отырысында: «Бүгін біз бұрын-соңды болмаған геосаяси шиеленіс пен әлемдік экономикадағы күшейе

Оқу ордасының халықаралық қатынастар факультетінде әлемдік деңгейдегі дипломат тұлға, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев дипломатиялық шеберлік сабақтарын жүргізіп, дәріс оқыған. Университет сапалы маман даярлау және ғылым мен білімді дамыту жұмыстарын заман талабына сай жалғастыра береді», – деді ректор.

Шара барысында Дулат Қуанышев, Кестутис Янкаускас, Исламбек Райымов, Сәбден Оразалы, Властимил Самек және т.б. қатысушылар баяндама жасап, өз ойларын ортаға салды.

«Қазақстан дипломатиясы өзінің бітімгерлік бастамаларымен әлемге танымал. Қазақстанның халықаралық мәртебесін нығайтуда отандық дипломатияның еңбегі зор болды. Бүгінде Қазақстан әлемнің көптеген елдерімен сыртқы қарым-қатынас орнатып, барлық беделді халықаралық ұйымдардың мүшесі атанды», – деді Еуропалық одақтың Қазақстан Республикасындағы елшісі Кестутис Янкаускас.

Пленарлық отырыстан кейін форум жұмысы секцияларда жалғасты.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

IT бағыты бойынша ғылыми жобалар іске асады

Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне Үндістанның Бомбей технологиялық институтының делегациясы жұмыс сапарымен келді.



Коимбатор технологиялық институты және Калькутта ұлттық технология институтымен тығыз байланыста. Магистранттар тұрақты түрде шетелдік тағылымдамадан өтеді.

Бомбей технологиялық институтының халықаралық қатынастар бойынша деканы Амита Агравал өз кезегінде ҚазҰУ-мен ғылымдағы ықпалдастықтың маңызын ерекше атап өтті. Мәртебелі меймандар алдағы уақытта да ортақ зерттеулер арқылы ынтымақтастық аясын кеңейтуге мүдделі екендерін жеткізді.

Екіжақты кездесу нәтижесінде IT бағыттар бойынша бірлескен ғылыми жобаларды жүзеге асыру келісілді. Тараптар қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз ету және ресурстарды қажет ететін есептеу бағыттары бойынша орталық ашу мәселесін қарастырды. Сондай-ақ есептеу инженериясы және машиналық интеллект және деректер ғылымы бойынша екі зертхана ашу жоспарлануда.

Әйгерім ӨУЕЗХАНҚЫЗЫ

Білім ордасының Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев алдымен ҚазҰУ мен Үндістан білім ордалары әріптестігінің қарқынды дамып жатқанына тоқталды. Оқу орны Үндістанның 11 білім беру ұйымымен ынтымақтастық орнатқан. Академиялық ұтқырлық бойынша студент және оқытушы алмасу белсенді жүргізілуде. Бүгінгі таңда 587 үндістандық студент ҚазҰУ-да медицина және денсаулық сақтау факультетінде білім алады.

Сонымен қатар үндістандық оқу орындарымен ортақ қызмет пен жобалар жүзеге асырылуда. Университетте 1992 жылдан бері үндітану бөлімі табысты жұмыс істейді. Серіктестермен бірге ҚазҰУ-да «Махатма Ганди» орталығы құрылды. Нью-Делиде Өл-Фараби ғылыми-білім беру және мәдени орталығы ашылды. Қазіргі таңда ҚазҰУ-дың механика-математика факультеті



Первый президент Республики Кыргызстан, почетный профессор КазНУ имени Аль-Фараби, академик Российской академии наук, главный научный сотрудник Научно-исследовательского математического института сложных систем МГУ имени М.В.Ломоносова, доктор физико-математических наук Аскар Акаев прочел лидерскую лекцию на тему «Модели прогнозирования динамики развития стран БРИКС как основы нового мирового порядка». В конференц-зале КазНУ на лекции собрались представители руководства, профессорско-преподавательского состава, ученые университета и студенты.



объединение государств. Если в прошлые века в мировой политике, в мировой динамике главную роль играли несколько государств, то сегодня их более двухсот. Среди них есть признанные и непризнанные, великие и миниатюрные государства, но в XXI веке основную роль в миро-

задачи – усиление механизма регулирования международного финансового рынка, достижение справедливой международной торговли, и самое главное для развивающегося мира, это контроль и стабилизация цен на продовольственном рынке. Эти проблемы являются первоочередными для стран БРИКС. Поэтому они привлекают развивающиеся страны. В 2014 году прошел саммит БРИКС в столице Башкортостана г. Уфе. Правительство России поручила нам составить прогноз развития стран БРИКС до 2050 года. Мы разработали модели технологического прогресса, которые сегодня широко используются.

По прогнозам в Китае технологический прогресс пойдет вниз, но это не значит, что Китай

Аскар АКАЕВ, академик:

Надо усиливать вклад в человеческий капитал

вых проблемах будут играть уже не государства, а цивилизации.

В БРИКСе представлены страны пяти цивилизации. Бразилия – это латиноамериканская цивилизация, Россия – евразийская, куда относится и страны Центральной Азии, Китай и Индия – сами государства-цивилизации, и ЮАР – это южноафриканская цивилизация. БРИКС в настоящее время – самая притягательная международная организация, в которую желают вступить многие государства. Она в отличие от других организации не вмешивается во внутренние дела стран, а поддерживает их развитие на демократической и исключительно равноправной основе. Поэтому на сегодняшний день 16 стран желает вступить в эту организацию и среди них очень много мусульманских стран. Мусульманская цивилизация, конечно, не едина, ученые эксперты предполагают, что она в ближайшее десятилетие распадется на несколько цивилизаций. В Юго-восточной Азии есть Индонезия, Малайзия, и другие страны, которые сами представляют собой отдельные цивилизации, а на Ближнем Востоке, в районе Персидского залива – основные мусульманские цивилизации.

В Среднеазиатской мусульманско-тюркской цивилизации лидером является, конечно же, Казахстан. Я считаю, что Казахстан является достойнейшим кандидатом для вступления от евразийской цивилизации как лидер центрально-азиатской, тюркской цивилизации в будущем. Думаю, что Казахстан подходит по всем своим показателям для того, чтобы быть в составе перспективной и многообещающей организации, которая в себе несет зачатки будущего многопо-

лярного мироустройства. Поэтому, мы видим, что в этом году БРИКС пополнился представителем мусульманской цивилизации. Ожидается, что страны, которые являются представителями буддийской цивилизации. Самое главное, БРИКС – это центр, ядро кристаллизации будущего многополярного мирового порядка. С самого начала инициаторами предусматривалась, что БРИКС именно как организация, которая будет расформировать будущее основы многополярного мирового порядка.

Конечно, у стран БРИКС есть проблемы, я на них останавливаться не буду, вы все знаете – это бедность, социальная напряженность особенно в Бразилии, ЮАР, Индии и в других странах еще сохраняется. Какие общие характеристики которые объединили БРИКС, прежде всего в начале 2000-х годов они все были быстрорастущими крупными экономиками мира. Некоторые и сегодня сохраняют, например Китай в этом году планирует 5,5% роста, а Индии и того больше. Одна из главных общих характеристик, в последние два десятилетия, они зависели от внешнего спроса, потому что, внутри достаточного спроса не было. В Китае двадцать лет назад народ был бедный, он не мог приобрести товары. Китай качественные товары в основном сбывал на Западе, в США. У них объем товара с США и Европейским союзом 1,5 триллиона долларов. Это сумасшедшая сумма, равная ВВП России. Сегодня ситуация меняется, в странах БРИКС население может себе позволить покупать высококачественные товары. Десять лет назад считали, что страны БРИКС теряют позиции лидеров, и интерес к БРИКС па-

дал. А сегодня БРИКС вновь возрождается, и все эксперты единодушно говорят, что в 20-е годы именно БРИКС будет локомотивом развития всей мировой экономики и технологического прогресса. Китай и Индия уже становятся технологическими лидерами.

БРИКС самое главное для нас – это движущая сила формирования будущего миропорядка. Ключевая особенность сегодняшнего дня – в мире нестабильность, которая ранее не наблюдалась, разбалансированность и кризис. Запад деградирует, а восток поднимается и вот это столкновение цивилизации не позволяет сформулировать устойчивое глобальное управление. БРИКС как раз становится центром кристаллизации будущего мирового порядка. Теперь несколько слов о балансе сил. Когда произошел финансовый кризис в 2008-2009 годах западные страны созвали авангардные развивающиеся страны «Большой двадцатки», для того чтобы они помогли им выйти из кризиса. И «Большая двадцатка» развивающихся стран во главе Китая, Индии сыграла исключительную роль и помогла безболезненно выйти из того кризиса. Тогда в «Большой двадцатке» G7 лидировал. Как быстро меняется баланс сил, в прошлом году суммарный объем ВВП стран БРИКС впервые превзошел объем ВВП стран G7. Сегодня доля ВВП стран БРИКС 31,5% мирового ВВП, а страны G7 около 30%. Всего лет десять назад страны БРИКС имел около 10%, а Запад более 40%. Вот так соотношение сил изменилось.

БРИКС – это носитель основных элементов грядущей интегральной гуманистической неосферной цивилизации. Перед миром стоят три глобальные

будет сбавлять темп, ничего подобного, дело в том, что Китай теперь лидер в мире. Сейчас идет технологическая война между США и Китаем. Китай опережает США. В Индии идет рост, до 2030 года страна будет самой быстрорастущей. Она как бы повторяет успех Китая. А в Бразилии как мы предсказывали сейчас начинается подъем. Обратите внимание, во всех Латиноамериканских странах строится социализм, принцип, возможно, не советского, а китайского типа. ЮАР будет возрастать, у нее абсолютная величина, это страна была принята как представитель африканской цивилизации.

А в Казахстане роль играет численность ученых, инженеров. В наше время фабрика и инновация это необходимая система, без этого не возможно. Посмотрите что произошло, Советский Союз был одним из технологических лидеров наряду с США до 1980-х годов во многих направлениях. Единственно мы отставали тогда в вычислительно-электронной и микроэлектронной техники. А в турбулентные 90-е годы наука и образование были невосстановленными, не в почете и численность инженеров упала с 400 тыс. до 3 тыс. на млн трудящихся. Сегодня Россия в технологическом отношении отстает сильно. Это урок, то есть Казахстану надо усиливать вклад в человеческий капитал, готовить больше ученых, инженеров и кадров интеллектуального труда, – подытожил лектор свое лидерское выступление.

После лекции состоялось обсуждение, в ходе которого слушатели смогли задать вопросы по теме лекции и получить на них полные ответы.

Каиржан ТУРЕЖАНОВ



Әдебиет құнарын шәкірттерге сіңіре білген ұстаз

Филология ғылымының докторы, профессор Қансейіт Әбдезұлы – қазақ әдебиеттану ғылымы мен сын-нада жемісті еңбек етіп келе жатқан көрнекті ғалым. Қазақ әдебиетінің тарихы мен қазіргі әдеби үдеріске, ондағы көркемдік дәстүр мен ұлттық ерекшеліктерге ғылыми таным көкжиегінен қарап, әдебиеттану ғылымына сүбелі зерттеу еңбектерін әкелген Қ.Әбдезұлын қазақ қауымы әдебиетші-ғалым, сыншы ретінде ғана емес, ұлттық тәрбиені ұрпақ санасына сіңіруге қызмет етіп келе жатқан ұлағатты ұстаз, көрнекті ғалым ретінде де таниды. Қансейіт Әбдезұлының Қазақстан Жоғары мектебі Ғылым академиясының академигі дәрежесіне жетуі, Ресей Ғылым академиясының әдебиеттану ғылымы саласындағы М.Шолохов атындағы Алтын медалі мен Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері атануы талмай ізденген қажырлы еңбегінің жемісі.



ріп, сын жанрының бүгінгі тыныс-тіршілігін, бағыт-бағдарын пайымдауға мүмкіндік тудырып отырған дүниелер екеніне тоқталады. Қазақ әдеби сынының даму жолының елеулі кезеңдерін назарға алып, білгірлікпен баға береді. Әдебиеттану ғылымына өзі де үлес қосып, оның жауынгер саласы – әдеби-сын жанрының өркендеуіне қамқорлық танытып келе жатқан Қ.Әбдезұлы сыншы әріптестерінің еңбектерін дәріп-теуден жалықпайды.

Ұстазы, академик З.Қабдоловтың «Әдебиет – ардың ісі» деп айтқан өнегесін санаға сіңірген Қ.Әбдезұлы әр жыл, әр күнін әдебиетке қызмет етуге арнап келеді. Ұлттық әдебиетіміздің басты көркемдік идеясы – ұлттық рух, ұлттық намыс болғанын жас ұрпаққа қадай айтып, қазақ жастарының ұлттық санасының биік, жан дүниесінің таза, елжанды, ұлтжанды болуына атсалысып келе жатқаны да аян. Ғылыми ізденістерін педагогикалық қызметпен ұштастырып, жоғары білікті маман-азаматтарды тәрбиелеуге де зор үлес қосып келеді. Қ.Әбдезұлы қазақ әдебиетінің тарихын студенттерге тереңдей оқытып, әдебиет тарихына арналған бірнеше оқулық пен оқу құралдарын жазды. «Тәуелсіздік кезеңі және қазақ әдебиеті» атты оқу құралы сөзімізге дәлел.

Ұстаз-ғалым Қансейіт Әбдезұлы өз бойындағы әдебиет құнарын шәкірт санасына сіңіріп, оларды да көркем шығарма табиғатын танып, зерттей оқуға баулуда. Ғалым-ұстаздың бұл еңбегі де нәтижесіз емес. Көптеген ізденушілер Қ.Әбдезұлының жетекшілігімен диссертациялық жұмыстар қорғап, ғылыми дәрежеге жетті. Қ.Әбдезұлының осындай ұстаздық еңбегі жоғары бағаланып, 2008 жылы «ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері» атағын иеленді. Бүгінгі күні мерейлі 70 жасқа толып отырған Қансейіт Әбдезұлына ғылым мен өмір жолында жаңа жетістіктер тілейміз.

Сәлима ҚАЛҚАБАЗЕВА,
филология ғылымының кандидаты, доцент

етіп алуы ғалымның эстетикалық танымның тереңдігін, сыншылдық талғамының жоғарылығын танытады.

Қансейіт Әбдезұлының ғылыми таным көкжиегінің кеңдігін «Таным көкжиегі» атты публицистикалық және сын мақалаларының таңдамалысынан да байқауға болады. Жаңа ғасырдың алғашқы онжылдығында баспасөз беттерінде жарияланған сыни мақалалары енген бұл еңбекте ғасырлар бойында жасап келе жатқан киелі әдебиетіміз бен қасиетті өнеріміздің мәңгілік құнын жоғалтпайтын көркемдік әлемін ой елегінен өткізіп, әлемдік руханияттың қазынасына олжа салған ұлтымыздың саңлақ өнерпаздары мен олардың қаламынан туындаған көркем шығармаларды бүгінгі тәуелсіздік биігінен бағалайды. Тарихи шындық пен көркемдік шешім, тұлғалар тағылымы, дара стиль мен суреткерлік шеберлік мәселелерімен қатар, әдебиетіміздің бүгінгі тыныс-тіршілігі, тақырыптық-идеялық ізденістері әңгіме арқауына айналады. Қаламгер шеберлігі мен шығарма табиғатын тұтастықта ала отырып, аналитикалық талдауды кешенділікке ұластыра зерттеу әдісі Қ.Әбдезұлының ізденісіне тән ерекшелік.

«Таным көкжиегінде» қазіргі қазақ әдебиетінің сыны мен әдебиеттану ғылымының тарихына, оның жүріп өткен жолына көз тастап құрметтей қарайды. XX

ғасырдың басында Алаш азаматтары – А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Әуезов, Х.Досмұхамедов, С.Сейфуллин, С.Мұқанов, Қ.Кемеңгеров, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, Б.Кенжебаевтар негізін қалаған әдеби сынымызды кейінгі толқын әдебиет зерттеушілері жалғастырып, әдебиетіміздің тарихын, теориясын, көркемдік ізденістерін бір жүйеге түсіруге талпыныс жасап, ұлтымызға теңдессіз мол мұра қалдырғанын айтады. Өткен ғасырдың 50-60 жылдарында ұлттық әдебиеттану ғылымының ұлы көшіне тегеурінмен келіп қосылған дарынды әдебиет зерттеушілері – С.Қирабаев, З.Қабдолов, Т.Қожакеев, Т.Кәкішев, Ш.Елеукеңовтердің тәуелсіздігіміз орнағаннан кейін де Алаш арыстарының мол мұрасы мен әдебиет тарихындағы ақтаңдақтарды зерттеуге бел шешіп кіріскендіктерін, солай жаңа кезеңдегі жаңа зерттеулердің іргесін қалап, әдебиеттану ғылымының өркендеуіне жол ашқанын аңғартады. Сондай-ақ алдыңғы буын ағалар салған сара жолды жалғастырушы кейінгі толқын әдебиет-зерттеушілері де қазақ әдеби-көркем сынын жаңа көркемдік сапаға көтергенін тілге тиек етеді. Әдебиетші-ғалымдар – Ж.Дәдебаев, Қ.Ергөбеков, С.Жұмабеков, С.Досанов, Б.Майтанов, З.Бисенғали, Ө.Әбдіманұлы т.б. зерттеулері әдебиеттің бүгінгі келелі мәселелерін көте-

кер және тартыс» (1995), «Т.Әлімқұлов және қазақ прозасы» (2000), «Т.Әлімқұлов және 60-80 жж. қазақ әдебиеті» (2001), «Әдебиет және өнер» (2002), «Жазушы және заман шындығы» (2003), «Тарих және тағдыр» (2004), «Таным көкжиегі» (2007), «Семсер» (2012) т.б. зерттеулері жарық көрді. Бұл еңбектерінен ғалымның қазақ әдебиетінің қадау-қадау мәселелерін зерттеу аспектісіне айналдырып, әдебиеттануымызға мол үлес қосқанын көреміз.

Көркем шығарма өмір шындығынан туады десек те, сол шындықты көркем шындыққа айналдыру күрделі құбылыс. Ол тақырып пен кейіпкерді таңдау, сюжет арқылы идеяны беру, оқиға мен тартыс, образ бен характер жасау мәселесі сияқты әдеби шығарманың көркемдік әлемін құрайды. Мұның бәрін қиюластырып, композициясы жинақы көркем дүние ету жазушы қиялы, пайымы арқылы іске асады. Жазушы шеберлігін айқындайтын осындай көркемдік амал-тәсілдерді, бейнелеудің құралдарын жете зерттеп, аналитикалық талдау жасап, объективті түрде бағалай білетін қырағы зерттеуші Қ.Әбдезұлы ғылыми зерттеулерінде зерттеушілік қарымының даралығын танытады. Қаламгерлік шеберлік, суреткерлік тіл, тарихи деректер жүйесі, кейіпкерлер болмысы, психологиялық талдау, көркемдік детальдың қызметі сияқты мәселелерді ғылыми ізденістерінің нысаны

Қансейіт Әбдезұлы ҚазМУ-дың филология факультетін (1975), аспирантурасын, докторантурасын бітіріп, еңбек жолында еліміздің іргелі жоғары оқу орындары – ҚазҰУ, ҚазМҚПИ мен ҚазҰПУ-да оқытушылық қызмет етті. Осы аталған оқу орындарында құрметті профессор қызметімен шектеліп қалмай, ҚазМҚПИ-да кафедра меңгерушісі, факультет деканы, ҚазҰПУ-да оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор, ҚР Білім және ғылым министрлігінің жоғары білім беру басқармасында бөлім бастығы, ҚазҰУ-дың филология факультетінің деканы қызметтерін атқарды. Бүгінгі таңда Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Абай зерттеу институтында жетекші ғылыми қызметкер ретінде қызмет етіп жүрген Қ.Әбдезұлы Абай философиясының терең қатпарларына зейін қойып, Абай ойлары мен әдеби дәстүрлерінің сілемі әдебиетіміздің ұлы арнасы екенін соны зерттеулерінде дәлелдейді.

Әдебиеттің адамзат пен қоғам өмірінде алатын орнын терең ұғынған ғалым ағамыз өзінің зерттеушілік ізденісін көркем шығарма табиғатын, оның көркемдік болмысы мен тәрбиелік мәнін ұғындыруға бағыттайды. Халық әдебиетінің ұлттық құндылықтарынан бастау алатын көркемдік дәстүрдің жалғастығын бүгінгі әдеби шығармалардан тауып, олардың жаңаша қолданысын сараптайды. Қ.Әбдезұлының «Ел мен жер тағдыры» (2000), «Кейіп-

Педагогикалық практиканың берері мол

Филология факультеті Қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының студенттері академиялық күнтізбеге сәйкес, Абай атындағы республикалық дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын мектеп-интернатта педагогикалық практикadan өтті.

Осы уақыт аралығында студенттер өздеріне бөлінген пән оқытушыларымен бірлесе оқу бағдарламалары мен оқу жоспарын (ОМЖ, ҚМЖ) құруды, жеке пәндер әдістемесі бойынша әдістемелік папка жасауды үйренді. Сондай-ақ оқу-әдістемелік технологиялармен танысып, көрнекі құралдармен жұмыс істеуді, тәрбие жұмысын жоспарлау, оны қалай ұйымдастыру керектігі туралы т.с.с. әдіс-тәсілдерді меңгерді. Мектеп тарапынан практика жетекшісі Майра Мәліктің

студенттерді практика жұмысына баулу, оқу, оқыту әдістерін түсіндіріп, ұйымдастыру барысында атқарған еңбегі зор. Студенттермен жұмыс істейтін сынып жетекшілері мен пән оқытушылары біздің студенттердің білімділігіне, алғырлығына, тиянақты жауапкершілігіне дән риза. Ұстаздық мамандықты жүректерімен қалаған студенттер армандарының орындалуына бір қадам жасау мақсатында сынып оқытушыларының сабағына қатыса жүріп, пассив практика екеніне қара-



мастан, өздерінің қабілетін сынап көру үшін пән оқытушыларына өтініш жасап, ашық сабақ өткізу мүмкіндігіне ие болды.

Студенттер өткізген ашық сабаққа пән оқытушыларымен қатар, практика жетекшілері де қатысты. Сабақ барысында сту-

денттер оқушылардың өзіндік іс-әрекетін ұйымдастыру, жеке және топпен жұмыс істеу, оқушылармен ойын әрекетін ұйымдастырып, олардың сабаққа қатысу қызығушылығын, белсенділігі мен ынтасын арттыратын әдіс-тәсілдерді шебер пайдалана білді. Сабақты түрлендіріп, жаңа технология элементтерін пайдаланды. Пайдаланған көрнекілік құралдары да эстетикалық талапқа сай.

Сонымен қатар ашық сабақ, тәрбие сабақтарын өткізу кезінде әрбір студенттің өзіне сенімді болуы, өздерін еркін ұстауы, жауапкершілікті сезіне отырып, бекітілген уақытты тиімді пайдалана білуі мектеп ұстаздарының ризашылығын туғызды. Талантты студенттерді болашақта мектепке,

ұстаздық қызметке шақырамыз деген ойларын да жасырмады. Мектеп ұстаздары осындай білімді студенттерді тәрбиелеп, білім нәрімен сусындатып жатқан филология факультетінің, соның ішінде Қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының ұжымына алғыстарын білдірді.

Студенттердің бойынан жауапкершілікпен қатар, ұстаздық мамандыққа деген сүйіспеншілік пен талпыныстарын байқап, көңіліміз марқайып, риза болдық. Оларға сәттілік тілеп, армандарың орындалсын деген ақжарма тілегімді білдіремін.

Ардақ САРГЕЛТАЕВА,
Қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының оқытушысы

Ұлттық рух пен сананың жаңғыру күні

Кез келген мемлекеттің қазіргі заманға сай дамуы мен тарихи тәжірибелері тек экономикалық және саяси жағдайымен ғана емес, сондай-ақ мәдени құрылыс тәжірибесімен танылады. Осы орайда, ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы әкімшіл-әміршіл жүйенің қыспағына ұшырап жазықсыз жапа шеккен ел азаматтарының есімін естен шығармағанымыз абзал. Олардың әрқайсысы сол тұста Қазақ елінің болашағы мен ұлт ретінде қалыптасуы үшін қалтқысыз қызмет жасап және сол жолда құрбан болды.

Олардың есімін халық жадында сақтау мақсатында тұңғыш президент Н.Назарбаевтың тікелей жарлығымен 1997 жыл «Жалпыұлттық келісім мен саяси қуғын-сүргінге ұшырағандарды еске алу жылы» болып бекітілсе, ал саяси қуғын-сүргінге жазықсыз ұшыраған тұлғаларды жас ұрпақ мәңгілік есте сақтау үшін 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні деп белгіленгені баршамызға мәлім.

Шынында да, кеңестік қоғам тұсындағы қазақ тарихының қайғысы мол, қасіреті ауыр парақтары жеткілікті. Қазақстанның халық жазушысы Ә.Кекілбаев айтқандай, «Адам да, қоғам да ешқашан өз тағдырына өзі енжар қарап көрген емес». Сондықтан тарихи құбылыстардың ел санасында мәңгілік сақталуының сыры осында жатса керек. 1920 жылдардың басында елдегі репрессиялық саясатты күшті жазалаушы механизмді қалыптасып, 1930 жылдар бойына «халық жауларымен» үзіліссіз күрес жетілдіріліп отырды. Әсіресе бұл механизм 1937-38 жылдары үлкен террор кезінде қарқынды жұмыс атқарды. Олардың басынушылық әрекеттері, сот істерін жаппай өңдеп, оларды «жоспарлы» түрде соттауға дейін жеткізуі репрессияның жаппай етек алуына түрткі болды. Егер де 1930 жылдың ортасында саяси репрессия орталықтағы және жергілікті жердегі сталиндік жетекшілікке қарсы белгілі және айқын әлеуетті тобына жүргізілсе, 1937 жылдары террор жаппай сипат алды.

1920 жылдардың аяғы мен 1930 жылдардың бастауында

қарқынды қалыптаса бастаған Кеңес елінің өз халқына қарсы жүргізген бұл саясаты 1937 жылы берік әрі күшті заңдық күшке ие болды. Үкімет қаулылары мен партия директивалары КСРО-ның ОГПУ (Біріккен мемлекеттік саяси басқарма), ІІХК (Ішкі істер халық комиссариаты) тікелей бұйрықтарымен бекітіліп отырды. Бұл құжаттар өзінің өте қатаң жазалау шараларымен, шексіз жасандылығымен, кінәлау, кінәсіздерді негізсіз айыптауларымен, контрреволюциялық қылмыстарға қатысты баптардың нақты еместігімен ерекшеленгенін білеміз.

Кеңестік тоталитарлық қоғам билік тармақтарын бір-бірімен сабақтастыра байланыстырып, сот билігін саясатқа бағындырды. Сот билігі өзіндік мәртебесінен айырылған тұста өрескел заңсыздықтар етек алып, адам құқықтары аяққа басылды. Бұл негізінен Ұлттық қауіпсіздік комитетінің мұрағаттарындағы құжаттарға қол жеткізу қиындығы, жасалынған қылмыстың ауқымды әрі қатерлігінде болса керек. Мысалы, 1920-30 жылдардағы қазақ қоғамының дәстүрлі әрі табиғи дамуына жат саяси-экономикалық науқандардың қазақ қоғамына үйлесімсіздігін айтқан қазақ зиялылары жаппай қудаланды.

Бұл 1925 жылдың күзінде Қазақстан басшылығына Ф.Голощекиннің келуімен одан бетер ушығып, өлкені кеңестік өзгерістерден тыс қалған деген жерімен «Кіші Қазан» төңкерісіне ұласты. Оның жүргізген саясаты ұлт зиялыларын жаппай қудалаумен бірге, «асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деген ұранмен астасып, ұжымдастыру,



бай қожалықтарын тәркілеумен жалғасты. Тікелей үкіметтің ықпалымен жүрген бұл саясат 1932-33 жылдардағы аштық, 1937-38 жылдардағы репрессияға ұласты.

Ал 1954 жылы ел басшылығы үшін жасалған айрықша баяндамаға сүйенсек, революцияға қарсы қызмет дегенді білдіретін РКФСР Қылмысты істер кодексінің 58-бабы бойынша, Кеңес Одағында сотталғандардың жалпы саны 3 миллион 770 мыңнан астам екен. Соның 642 980-і атылған. Тарихшылардың есебі бойынша, 1927 жыл мен 1953 жылдар арасында 40 миллион адам қуғын-сүргінге ұшыраған. Ал Қазақстан бойынша бұл сан 100 мыңнан асып жығылып, оның 25 мыңнан астамы атылды. Мұндай озбыр саясат тек ел азаматтарына ғана емес, олардың бүкіл отбасы мүшелеріне де қолданылды.

Кеңестік жүйе назарына іліккен отбасы мүшелері мұқият тексеруден өткізіліп, олар туралы толық мәліметтер жинақталған. Мәліметтерге сүйене отырып, отбасының сотталған мүшесінің аты, тегі, фамилиясы, қылмыс түрі және оның қай кезде жасалғаны туралы анықтама жазылатын болған. Сондай-ақ отбасы құрамының тізімі (айыпкермен бірге тұратын және оның қарамағындағы) және әрбір отбасы мүшесіне толық мәліметтер жи-

нақталған. Мәселен, айыпкер азаматтың әйелі туралы мәлімет бірінші кезекте, содан соң оның 15 жастан асқан балалары тіркелген. Отбасында жасы келген қарттар мен кіші жастағы балалардың күтімі турасында мәлімет топтастырылған. Егер 15 жастан асқан баланың еңбекке жарамдылық бейімділігі болса, оларды арнайы жұмыстарға жіберу үшін мақсатты анықтама жасаған. Ал кіші жастағы балалар арнайы есепке алынған. Толық анықтамалар жасалып болған соң, оларды тұтқындау мен жазалау шаралары орын алған.

Саяси қуғынға түскен азаматтардың әйелдерінің басым бөлігін сотталушыны жасырған, сотталушының контрреволюциялық іс-әрекетін білсе де, тиісті билік органдарына хабарламаған әйелдер ретінде жауапқа тарту жиі кездескен. Мұндай санаттағы айыптаулар санаты өте көптеп кездеседі. Бәрімізге белгілі болғандай, қазақ зиялылары жарларының көпшілігі осындай айыптауларға ұшырап, тіпті олардың соңы ату жазасын арқалағандары да кездеседі. Ұлы Отан соғысы жылдары АЛЖИР-де 8 мыңнан астам әйел қамауда отырған. Олардың ішінде маршал М.Тухачевскийдің қарындасы, А.Енукидзеңің қызы мен әйелі болса, ал қазақтың беткеұстар азаматтары Бейімбет Майлин,

Тұрар Рысқұлов, Сұлтанбек Қожанов, Темірбек Жүргенов, Нығмет Нұрмақов, Санжар Асфендияров, Телжан Шонанов сынды азаматтардың жарлары жоғарыда аталған дәлелсіз айыптармен жапа шекті.

Әрине, олардың біраз бөлігі Н.Хрущевтың тұсындағы «жылымық жылдарында» жанашыр туыстарының бірнеше мәрте Жоғарғы сотқа жазған өтініштерінен кейін ақталғанымен, басым бөлігінің есімін толығымен жариялауға тек соңғы жылдары ғана мүмкіндік туды.

«Халық жауларының» отбасы, оның ішінде әйел-аналарды қуғындау шараларының ең сорақысы – оларды ату жазасына кесу болды. Олардың қатарынан қазақ әйел-аналарының да есімдерін көре аламыз. Мәселен, Шахзада Шонанова, Торғай Сүлейменова және Мәмиль Таңатова. Үшеуі де өте жас және саяси айыптаудың құрбаны болды.

Десек те, еліміздің еңсесі түзеліп, егемендік алған тұста өткен тарихтан сабақ ала отырып, жаңа көшке жаңа бағыт, тың идеялармен қадам бастық. Бүгінгі қалыптасқан Қазақстан мемлекеті де өткеннен сабақ алып, жас ұрпақ санасын ұлты үшін күрескен қайраткерлер, оның көш басында тұрған Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, Т.Рысқұлов, Т.Шонанов және т.б. қазақ зиялы қауымын еске алу арқылы қайта жаңғыртып жатыр. Осыған орай, 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық азабын тартқан жандарды еске алу күні ұлттық рух пен саяси сананы жаңғырту мақсатындағы ерекше күн ретінде жадымызда ұстау екенін ұғынуымыз керек.

Гүлжазира ӘБИКЕНОВА,
Қазақстан тарихы
кафедрасының қауымд.
профессоры, т.ғ.к.

Мәдина БАЙДӘУЛЕТОВА,
аға оқытушы, PhD

ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының ұйымдастыруымен «Тарих ғылымы және тарихи тұлғалар: жаһандану тенденциялары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Мұндағы мақсат – әлемнің тұрақты даму тұжырымдамасы аясындағы отандық тарих ғылымының орнын анықтау (толығырақ: <https://www.kaznu.kz> сайтынан білесіздер).

Конференцияға Қырғызстан, Өзбекстан, Ресей, Моңғолияның ғалымдары мен баспагерлері, отандық ғалым-ұстаздар: Алматы, Қарағанды, Астана, Шымкент т.б. университеттерінің профессорлық-оқытушы құрамы, Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғалымдары қатысты. Баяндамашылар тарих

Тарихи тұлғалардың қоғамдағы орны қандай?

ғылымының өзекті мәселелерін, тарихи тұлғалардың қоғамдағы орны туралы ойларын ортаға салды.

И.Арабаев атындағы Қырғыз мемлекеттік университеті Арабаевтану орталығының директоры, тарих ғылымының кандидаты Ж.Байдилдеев «Қырғыз-қазақ интеллигенцияларының байланыстары», М.Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті Дүниежүзі тарихы кафедрасының доценті, тарих ғылымының докторы Б.Хайназаров «Өзбекстандағы Ш.Уәлихановтың ғылыми мұрасының тарихи мұрадағы орны», осы университеттің тарих ғылымының докторы, Дүниежүзі тарихы кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымының докторы, профессор Д.Ураков «Тарихи білімді дамытудағы әл-Фарабидің ғылыми еңбектерінің рөлі» атты баяндама жасады.



Ал Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің доценті, тарих ғылымының кандидаты Ф.Шамшиденова Қазақстан тарихнамасындағы «жаңа бағыттың» ұстанымдары туралы баяндады. «Жаңа бағыттағы» еңбектер ХХ ғ. 60-80 жж. бастау алып, қазіргі кезге дейін жалғасып жатқанын сипаттады. Жинақталған

еңбектерді жазуда баспасөздегі пікірталастарда тарихшылардың «жаңа бағытқа» деген көзқарасының маңызды екені сараланды. Қазіргі кезде ғылымның қоғам өміріндегі рөлінің өзгеруімен өткенге сыни көзбен қарап, жеке тұлғаны тұтас әлеуметтік қатынас жүйесінде кең түрде көрсетуге мүмкіндік бар, бұл тарихи персо-

налистиканы терең қарастыруға ынталандырады.

Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті Дүниежүзі тарихы және халықаралық қатынастар кафедрасының аға оқытушысы И.Хлебников «Тарих ғылымындағы әлеуметтік мәдени қауымдастық ұғымы: концептуалды аспект» атты баяндамасында деидеологияланудың ғылымға әсерін сипаттады.

Конференция онлайн және офлайн платформасында өтті. Оның жоғары деңгейде өтуіне факультет деканы С.Суатай, кафедра меңгерушісі С.Сартаев көп еңбек сіңірді. Сондай-ақ кафедраның ұйымдастыру комитеті, тарихшы ғалым-ұстаздар белсенді түрде атсалысты.

Айша БЕГАЛИЕВА,
Рахила НАРАЛИЕВА,
аға оқытушылар

Наука не имеет национальных границ

В 2021 году я проходила стажировку в Берлинском университете имени Гумбольдта в рамках программы «Болашак» по категории «Ученые». Моей целью было совершенствование своих профессиональных компетенций и приобретение опыта в области машинного обучения (машинное обучение – метод искусственного интеллекта), так как, являясь специалистом по оптимизации и оптимальному управлению, в последнее время стала интересоваться применением своих знаний и навыков для развития методов искусственного интеллекта, и этого направления в своей стране.



Они имеют самостоятельное значение в некоторых задачах машинного обучения и лежат в основе сложных архитектур глубоких нейронных сетей. В результате исследований разработан алгоритм разреженных блочных вычислений итерационного метода, который численно реализован на базах MNIST, Fashion-MNIST, широкоиспользуемых для обучения и тестирования в Machine Learning. На основе выполненной работы подготовлена рукопись статьи для публикации в научном журнале. Планируется обобщение предлагаемого метода для моделей глубокого обучения, основанных на имитации работы человеческого мозга в процессе обработки данных искусственным интеллектом и создания рекомендаций, используемых для принятия решений. Для меня это был бесценный

опыт работы с зарубежными единомышленниками, который в последний раз продемонстрировал, что наука не имеет национальных границ. Хотелось бы с благодарностью подчеркнуть открытость немецких коллег к сотрудничеству, теплый прием и дружелюбное отношение. Еще один из фундаментальных принципов гумбольдтовской модели университета, сохранившийся по сей день, – академическая свобода распространяется и к гостям университета. Мне был выделен отдельный офис, куда я имела доступ в любое время суток, так как был предоставлен ключ, открывающий все двери, начиная с самой наружной двери института.

Сотрудники департамента по международным связям университета сопровождали меня в течение всего периода пребывания, оказывая поддержку по

любому вопросу, будь то вопросы к юристу, или относительно страхования, или медобслуживания. Их рекомендации и подробные инструкции мне очень помогли быстро освоиться и выбрать для себя самый подходящий и комфортный вариант. Несмотря на то, что начальный период моего пребывания пришелся на время со строгими ограничениями в связи с пандемией, все время проводились мероприятия ознакомительного или развлекательного характера даже при режиме работы онлайн. Посещала разные тренинги, семинары, познакомилась с интересными людьми с разных стран мира, это был хороший опыт как для моего профессионального, так и для личного развития. Приобрела друзей, полюбила Германию, прежде всего из-за людей, как первоначальных, так и из-за тех, с кем близко общалась – всегда отзывчивых, инициативных, честных, справедливых, сочетающих в себе как строгость и прямолинейность, так и доброту, и чуткость. Для меня слово «немецкий» всегда ассоциировалось с качеством, теперь я знаю и очень тронута тем, что для них в приоритете человеческие ценности. И, конечно же, очень благодарна прекрасной программе «Болашак» за эту возможность, верю, что этот опыт и дальнейшие планы внесут свой вклад во благо страны.

Асем КАБИДОЛДАНОВА,
кандидат физико-математических наук

Как раз машинное обучение основано на построении модели, которая может автоматически обучаться на предоставленных данных и в последующем делать прогнозы на основе этого обучения. Построение адекватной модели невозможно без оптимизации параметров модели, иначе разработанная модель не будет реально отражать рассматриваемый целевой процесс, следовательно, не может быть использован для прогнозирования и эффективных рекомендаций. Одним словом, оптимизация является неотъемлемым инструментом в создании искусственного интеллекта, а понимание этого факта вызывало у меня глубокий интерес к этому новому для меня направлению. Изучив основы машинного обучения (онлайн-курс Стэнфордского университета), и некоторое время дистанционно поработав с профессором Andreas Griewank (университет Гумбольдта), я получила приглашение для сотрудничества от профессора Andreas.

В институте математики университета Гумбольдта работала непосредственно с профессором

Andrea Walter, которая возглавляла группу по оптимизации. Основу группы составляют молодые талантливые ребята (кто-то работал над своей диссертацией по PhD, кто-то занимал позицию постдок, кто-то уже стремился получить профессора), могла подойти к любому из них, все они были открыты к обсуждению. У многих из них были проекты, связанные с применением оптимизации к методам искусственного интеллекта. Следует отметить степень самостоятельности, глубокое и системное понимание области исследования студентов PhD, по ним и сегодня чувствуется эффект основного постулата концепции университета, разработанного Гумбольдтом, заключающийся в тесной связи обучения и исследовательской работы. Согласно этому принципу обучение опирается не на иллюстративно-объяснительные, а исключительно на проблемные и исследовательские методы.

За время прохождения стажировки я занималась исследованием и анализом однослойных моделей классификации с различными видами потенциалов.

Докторант кафедры китаеведения факультета востоковедения КазНУ имени Аль-Фараби Арыстанбек Акылбай доказал, что упорство и целеустремленность творят чудеса, получив приглашение в университет Гарвард. В настоящее время он работает в США, изучая принципы меритократии в развитии государства. Молодой ученый уверен, что их можно с пользой для страны внедрить и в Казахстане.

Арыстанбек Акылбай родился в г. Шымкент, где окончил школу-гимназию №40 со знаком «Алтын белгі». Блестяще сдав ЕНТ, он выбрал КазНУ имени Аль-Фараби, учиться в котором мечтал еще в школе. Получив грант факультета востоковедения, Арыстанбек увлекся китайским языком, политикой и экономикой Поднебесного государства закончив вуз на красный диплом.

Следующим этапом пути стало поступление в Шанхайский университет международных исследований на полный грант правительства Китая, а это не только бесплатное обучение и жилье, но и стипендия в размере 3 тыс. юаней в месяц. Во время учебы в г. Шанхай Арыстанбек изучал не только Китай, но и страны АТР (Азиатско-Тихоокеанского региона), участвовал в мероприятиях, конференциях в Южной Корее, Малайзии, Сингапуре. Побывал

Докторант КазНУ – в Гарварде

в странах Юго-Восточной Азии, исследуя политику, культуру, историю, экономику этих государств. Успешно защитив магистерскую диссертацию на английском языке, молодой ученый вернулся на Родину. На конкурсной основе устроился в Министерство общественного развития в г. Астане, работал экспертом по международному сотрудничеству, затем экспертом управления координации молодежной политики Комитета по делам молодежи и семьи Министерства информации и общественного развития Республики Казахстан.

Получив солидный опыт и знания на госслужбе, Арыстанбек вернулся в родной университет, решив посвятить себя преподавательской деятельности. «Я вел разные предметы, начиная с истории и внешней политики Китая, заканчивая глобальными региональными процессами стран Азии», – рассказывает Арыстанбек. – Мне нравится преподавать. Благодаря этому опыту, я сделал хороший апгрейд умений и навыков: научился выступать, анализировать, правильно подавать информацию студентам. Мне нравится направлять, помогать и видеть, как молодежь меняется, зная, что я влияю на их развитие в лучшую сторону».

Молодой преподаватель активно вовлечен в жизнь родного вуза: в 2019 г. работал старшим



куратором-организатором (заместитель декана по воспитательной работе) факультета востоковедения, руководил делегацией активных студентов от КазНУ на семинар-тренинге «Болашаққа жол өзінен басталады» в Канцелярии Первого Президента Республики Казахстан – Елбасы. В апреле 2021 г., как старший куратор факультета востоковедения, возглавил делегацию преподавателей и студентов кафедры Ближнего Востока и Южной Азии от университета на курсах повышения квалификации (изучение языка урду) в Национальном университете современных языков (г. Исламабад, Исламская Республика Пакистан). Получил опыт административной работы в качестве заместителя директора

по академическим вопросам и международному сотрудничеству Al-farabi business school при КазНУ.

Неутомимый юноша успел очень многое к моменту, когда созрело решение поступить на докторантуру на факультете Востоковедения. Благодаря наставничеству научного руководителя Н.А.Алдабек, Арыстанбек увлекся наукой и искал пути пробиться в престижный университет Гарвард. «Гарвард всегда был моей мечтой, я готовился в течение 7-8 месяцев. В течение полугода написал около 100 писем сотрудникам Гарварда прежде, чем получил ответ. Меня попросили прислать мои научные работы, статьи, поинтересовались целью моей докторской. И предложили статус приглашенного научного сотрудника. В середине декабря пришло приглашение, а с 1 марта началась стажировка».

Арыстанбек продолжает работать по теме исследования «Эволюция становления государственности Сингапура: меритократия и модернизация (опыт для Казахстана)». Гарвард предоставляет полный доступ к материальной базе университета и библиотеке редких материалов Widener Library, аффилиацию университета, Гарвардский адрес электронной почты, привилегии на доступ к спортивным центрам, а также оказывает визовую поддержку в

США. Администрация университета также предоставляет рабочее место в общем офисе центра Дэвис, расположенном в Гарвардском центре правительственных и международных исследований. Молодой ученый участвует в международных конференциях, посещает лекции, по выбору, а также семинары в четырех научных центрах: по исследованию Евразии, Китая, Центра по изучению Азии и Школу госуправления Кеннеди.

«В рамках своей диссертационной работы, я исследую опыт становления государственности Сингапура, и особенно внедрение новых реформ в период ее становления, модернизацию государственного управления. Я изучаю принцип меритократии в развитии государства и возможность внедрения меритократического общества в Республике Казахстан на примере Сингапура, – делится Арыстанбек. – Мне очень важно быть частью этого сообщества, так как знания и подходы мне необходимы чтобы использовать данный опыт для развития своей страны, университета и развитие науки в целом. После окончания стажировки планирую вернуться в Казахстан, так как должен защитить диссертацию на соискание степени PhD».

Светлана УМЫРГАЛИЕВА

Құнды кітаптар тарту етілді

Белгілі дінтанушы, қари Еркінбек Шоқайдың араб тілінен аударған «Көрнекі тәжүид» еңбегінің тұсаукесері елімізде ерекше салтанатпен аталып өткен болатын. Еңбектің авторы – тек араб әлемі емес, дүниежүзіне есімі әйгілі ғалым Әйман Рушди Сүейд.



Кітаптың қазақ, орыс тілдеріндегі аудармасы еліміздің түкпір-түкпіріне мыңдап таралып, оқырмандарының ыстық ықыласына бөленіп те үлгерді.

«Көрнекі тәжүид» еңбегін баспаға дайындап, жарыққа шығарған «Arabiya Fuskha» ЖШС баспасының директоры Жолдас Дүйсенбин Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ шығыстану факультеті Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының ОПК және білімгерлеріне еңбектің қазақ және орыс тілдеріндегі 100 данасын тарту етті.

Тұрақты даму мақсаттары негізінде жүзеге асатын мәдени іс-шаралардың «Сапалы білім» айдары аясында өткен шарада баспа басшысы Жолдас Кеңесұлы факультетте қонақта болып, Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының ОПК мен білімгерлеріне одан өзге, аталған баспадан жарыққа шыққан «Уроки арабского языка» (жеті томдық), «Правила написания букв арабского языка», «Введение в морфологию» оқулықтарын да қоса сыйлады.

Тарту етілген кітаптардың жалпы құны 2 млн 930 мың теңгені құрайды.

Шығыстану факультеті баспа басшысы Жолдас Дүйсенбин мырзаға білімгерлерге деген ілтипатына ризашылық білдіріп, арнайы алғыс хатпен марапаттады.

Айдынгүл ХАВАН,
арабтану бөлімінің
меңгерушісі
Дариға КӨКЕЕВА,
Таяу Шығыс және Оңтүстік
Азия кафедрасының
меңгерушісі

Жыл басынан бастап филология және тарих факультеттері бірігіп түрлі тақырыпта конференциялар өткізіп келеді. Конференция мақсаты – студенттерді әр қырынан ашып, өздігінен қорытынды жасай алуға, ізденуге мүмкіндік беру.

Осындай тағылымы мол конференциялардың бірі Қожа Ахмет Ясауидің 930 жылдығына орай ұйымдастырылып, филология факультеті «Әдебиеттану және қолданбалы тіл білімі» мамандығының 1-курс студенттері ерекше форматта атап өтті. Бұдан студенттердің ғылыми бағытқа бейімделіп келе жатқанын көруге болады. Себебі тың, мазмұнды ақпараттарды тауып, қосымша мәліметтерді ұсына білді. Студенттер реферат, презентация, схема, карта позициялары бойынша Қожа Ахмет Ясауидің өмірі мен шығармашылығын талдап, өзара пікір алмасып, еркін форматта ой айта алатындай деңгейге аяқ басып келе жатыр. Олар Ясауи мен Арыстан баб арасындағы байланысты әсерлі көрініс арқылы жеткізе білді.

Студенттер ғылыми бағытқа бейімделуде



Сонымен қатар студенттер бабамыздың мәдени мұралары әлі күнге дейін сақталып келе жатқаны жайында баяндап, көпшілікке көрсетті. Бұл студенттердің ізденімпаз екенін аңғартты. Карта бойынша Қожа Ахмет Ясауи атындағы жоғары оқу орындары, көшелер және киелі Түркістан мекеніндегі кесенесін көрсетті. Конференция барысында жас ақындарымыз Қ.А.Ясауи бабамыз-

дың рухына арнап өлең жолдарын оқыды.

Бұдан өзге, кітап көрмесі өтіп, көпшілік Қ.А.Ясауиге арналған еңбектермен танысты. Кеш соңында қонақтарға білім қазынасы – кітап сыйға тартылды.

Фатима ҚОЗЫБАҚОВА,
Қазақстан тарихы
кафедрасының профессоры
Перизат БАЛҒЫНБАЕВА,
филология факультетінің
1-курс студенті

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

«QAZAQ UNIVERSITETI»

ГАЗЕТИНЕ ЖАЗЫЛУ ЖЫЛ БОЙЫ ЖАЛҒАСАДЫ

Газетке жазылу индексі: 64787

- «Qazaq universiteti» газеті – 75 жылдық тарихы бар іргелі басылым.
- Газет 2022 жылдың қаңтар айынан республика көлемінде таратылады.
- Басылымда елдегі және университеттегі айтулы жаңалықтар қамтылады.
- «Qazaq universiteti» газетіне жазылып, өз мақалаңызды ұсынуға сіздің де мүмкіндігіңіз бар.
- Егер сіз әлеуметтік осал топтағы студенттерге «Qazaq universiteti» газетін жаздырып, рухани қолдау білдіргіңіз келсе, Halyk bank QR қосымшасы арқылы төлем жасай аласыз.
- Ол үшін Halyk bank қосымшасы арқылы QR-КОДТЫ суретке түсіріп, белгілеу (назначение) бөлімінен «Qazaq universiteti» газетіне жазылу» деген бөлікті толтыру керек.
- Ал республика көлеміндегі оқырмандар үшін «Қазпошта» АҚ-ның барлық бөлімшелері қызмет көрсетеді.



«ҚАЗПОШТА» АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

	Аудан/ауыл	Қала
6 айға	1853,22 теңге	1743,57 теңге
12 айға	3706,44 теңге	3487,14 теңге

Ғылым және жоғары білім саласындағы жаңалықтармен танысыңыз келсе, «QAZAQ UNIVERSITETI» газетіне жазылуды ұмытпаңыз!

Тарту бөлімінің байланыс телефоны: 377-32-86, ішкі: 1486
+7 747 325 6874

Біздің оқырман



Қайнар ОЛЖАЙ,

Белгілі журналист, ТМД Журналистер конфедерациясы сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар
департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ

Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ,
Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

• 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.

• Электронды мекенжай:
kaznugazeta@gmail.com

• Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
«Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Қайыржан ТӨРЕЖАН

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 2500

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.